



Бекітемін
«Нархоз
Университетінің
Экономикалық колледжі»
мекемесінің
бас директоры
_____Абайдуллаев М.С.

«НАРХОЗ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ КОЛЛЕДЖІ»
МЕКЕМЕСІНІҢ ОҚЫТУШЫЛАРЫ МЕН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ
КОРПОРАТИВТІК МӘДЕНИЕТ, АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ
ЖӘНЕ ІСКЕРЛІК ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ЭТИКАСЫ КОДЕКСІ

Алматы қ.



1. Жалпы ережелер

- 1.1. Осы кодекс Нархоз университетінің экономикалық колледжінің оқытушылары мен қызметкерлерінің корпоративтік мәдениеті мен мінез құлқының негізгі ережелерін айқындайды
- 1.2. Колледж оқытушысы мен қызметкерінің корпоративтік мәдениет кодексі колледжде қолайлы моральдық-психологиялық ахуал қалыптастыруға бағытталған
- 1.3. Осы Кодекстің барлық нормаларын іске асырудың басты мақсаты - корпоративтік мәдениетті нығайту, колледж оқытушылары мен қызметкерлерінің беделін арттыру.
- 1.4. Колледждің әрбір оқытушысы мен қызметкері осы Кодекстің нормаларын мүлтіксіз сақтай отырып, оның имиджі мен іскерлік беделін нығайтуға өз үлесін қосады.

2. Корпоративтік принциптер мен құндылықтар

- 2.1. Нархоз университетінің экономикалық колледжінің қызметі келесі принциптерге негізделген:
 - 2.1.1. Нархоз университетінің экономикалық колледжі - сапалы білім, ғылым, мәдениет және инновацияның жетекші орталығы, соңғы технологиялық жетістіктерді пайдаланады.
 - 2.1.2. Нархоз университетінің экономикалық колледжі - өз қызметкерлерін бағалайды және құрметтейді және әрқашан ең жоғары этикалық стандарттарға сәйкес әрекет етеді.
 - 2.1.3. Нархоз университетінің экономикалық колледжі сыбайлас жемқорлық пен парақорлықтың кез келген көріністеріне төзбейді.
 - 2.1.4. Нархоз университетінің экономикалық колледжі бостандық пен жауапкершілікті жариялайды, колледж дәстүрлерін, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды сақтайды және дамытады.
 - 2.1.5. Нархоз университетінің экономикалық колледжінің рухы-бірлікте. Колледж оқытушыларының, қызметкерлерінің, білім алушыларының шығармашылығы, қатысуы мен серіктестігі корпоративтік мәдениеттің ажырамас белгілері болып табылады.

2.2. Негізгі корпоративтік құндылықтар:

- 2.2.1. Ұсынылатын білім беру қызметтерінің бәсекеге қабілеттілігі.
- 2.2.2. Әлемдік білім беру кеңістігіне интеграция.
- 2.2.3. Өзгерістер мен инновацияларға ашықтық.
- 2.2.4. Ғылыми зерттеулер мен әзірлемелерге тұрақты назар аудару.
- 2.2.5. Жоғары жауапкершілік.
- 2.2.6. Жетілдіруге және шығармашылық өсуге ұмтылу.
- 2.2.7. Адамгершілік, патриотизм, азаматтық.
- 2.2.8. Қызметкер мен білім алушының жеке басын құрметтеу, олардың құқықтары мен мүдделерін қорғау
- 2.2.9. Колледжге деген адалдық және оның жоғары стандарттарына сәйкес келуге дайын болу.

3. Колледждің корпоративтік этикасы

- 3.1. Колледж оқытушылары мен қызметкерлері міндетті:
 - 3.1.1. Колледж мәртебесін ар және абыроймен, өз еңбегімен сақтау колледж оқытушысы және қызметкері атағын ақтау.
 - 3.1.2. Колледж миссиясын бөлісіп, кәсіби қызметте өз миссияңызды корпоративтік миссиямен сәйкестендіру.
 - 3.1.3. Колледж қойған мақсаттар мен міндеттерді іске асыру үшін толық жауапкершілік алып, колледж қызметінің нәтижелеріне өз үлесін қосу.

3.1.4. Өзінің қызметтік міндеттерін орындай отырып, жоғары мәдениетті көрсету, жауапкершілік, адалдық, академиялық адалдық және объективтілік, өзара сыйластық, дұрыстық қағидаттарын басшылыққа алу, әріптестермен және білім алушылармен қарым-қатынастағы ізгі ниет.

3.1.5. Өз білімінің деңгейін үнемі арттыра отырып, кәсіпқойлыққа ұмтылу, ғылымның отандық және шетелдік тәжірибесі мен жетістіктерін зерделеу.

3.1.6. Колледж студенттері үшін еңбек тәртібінің, колледжге, оның дәстүрлеріне және тарихына құрметпен қараудың жеке үлгісі болу.

3.1.7. Колледждің іскерлік беделін бағалап, оның мүдделеріне қайшы келетін немесе зиян келтіретін әрекеттерден аулақ болу, сондай-ақ оның абыройы мен беделін түсіруге бағытталған кез келген әрекеттерді тоқтату.

3.2. Колледж оқытушылары мен қызметкерлері:

3.2.1 Әріптестер мен студенттердің қадір-қасиетін төмендету, бейәдеп сөздер қолдану, таныстық пен менмендік көрсетуге болмайды.

3.2.2 Студенттердің алдында әріптестердің жеке өмірін немесе олардың кемшіліктерін талқылауға болмайды.

3.2.3 Мас күйінде келуге, колледжде алкогольдік ішімдіктер ішуге, сондай-ақ рұқсат етілмеген жерлерде темекі шегуге болмайды.

3.2.4 Студенттерден сыйлықтар немесе ақшалай марапаттар алуға болмайды.

3.2.5 Ұлттар арасындағы бірлік пен конфессияаралық келісімге қайшы келетін діни идеяларды, пікірлерді және көзқарастарды таратуға болмайды.

3.2.6 Жұмысқа кешігуге, сабақ өткізу уақытын немесе қызметтік міндеттерін орындауды қысқартуға, сондай-ақ оларды құрметті себепсіз өткізіп жіберуге болмайды.

3.2.7 Қызметтік міндеттерін орындау кезінде дөрекілік немесе немқұрайлылық көрсетуге болмайды.

3.2.8 Студенттерге қатысты қызметтік өкілеттіктерін теріс пайдалануға, оларға алдын ала ойластырылған көзқарас көрсетуге және олардың білімін бағалау кезінде субъективизмге жол беруге болмайды.

3.2.9. Колледж әкімшілігінің шешімдері мен оның бөлімшелерінің қызметі туралы жалған ақпарат таратуға болмайды.

3.2.10. Студенттермен кез келген физикалық және тактильді байланысқа тыйым салынады (құшақтау, сүйу, сипау және т.б.).

3.3. Басшылар мен бағыныштылар арасындағы қарым-қатынас

3.3.1. Басшы міндетті:

-Өзінің кәсіби және адами мінез-құлқымен бағыныштыларға үлгі болу;

-Өзінің мінез-құлық нормалары мен қағидаларын корпоративтік мәдениет пен іскерлік этиканың негізгі ережелеріне негіздеу;

-Қарамағындағылардың қадір-қасиетін, өзін-өзі құрметтеуі мен жеке мәртебесін бұзбау.

-Қарамағындағылардың алдында өз қателіктерін мойындай білу және оларға қатысты айтылған конструктивті сын үшін қысым көрсетпеу;

-Ұжымда жылы және іскерлік атмосфера қалыптастыру.

3.3.2. Бағынышты міндетті:

- Еңбек тәртібін қатаң сақтау;

- Жұмыс орнында белгілі бір уақыт болмау себептері туралы тікелей басшыны уақытында хабардар ету.

3.3.3. Әріптестермен қарым-қатынас:

- Бір-біріне құрметпен қарау;
- Дұрыс емес мінез-құлық танытқан жағдайда кешірім сұрау;
- Әріптестерді, бағыныштыларды немесе басшылықты басқа қызметкерлердің алдында сынаудан аулақ болу;
- Өтірік әңгімелерге теріс көзқараспен қарау және олардың таралуына жол бермеу;
- Басшыларға, әріптестерге, бағыныштыларға және студенттерге «Сіз» деп айту;
- Жұмыс уақытында тек қызметтік міндеттермен айналысу;
- Дөрекілік, ұстамсыздық және агрессия танытпау;
- Әріптестерге көмектесу, білім мен тәжірибемен бөлісу.

3.3.4. Оқу процесіндегі қарым-қатынас:

- Жұмысты негізгі кәсіби міндет ретінде қарастыру, студенттер үшін үлгі болу;
- Өз біліктілігін үнемі жетілдіріп, ғылыми-педагогикалық жоғары деңгейде болу;
- Студенттердің білімін, қабілеттерін және дағдыларын әділ әрі объективті бағалау;
- Колледждің ғылыми жетістіктерін арттыруға бар күш-жігерін, білімін және тәжірибесін салу;
- Құпиялылықты сақтау.

3.3.5. Жиналыстар мен кеңестерді өткізу:

- Жиналыстар мен кеңестерге уақытында келу;
- Күн тәртібімен алдын ала танысу және қажетті материалдарды өзімен бірге алу;
- Жиналыс немесе кеңес басталғанға дейін мобильді телефонды өшіру;
- Жиын барысында залдан шыққанда және оралғанда ақырын кешірім сұрау;
- Мінберді жеке мәселелерді шешуге пайдаланбау;
- Жиналыс регламентін қатаң сақтау.

4. Корпоративтік мәдениет кодексі нормаларын бұзғаны үшін жауапкершілік

4.1. Корпоративтік мәдениет барлық колледж оқытушылары мен қызметкерлерінің ортақ ісі болып табылады.

4.2. Колледж оқытушылары мен қызметкерлері Корпоративтік мәдениет кодексін білуге және сақтауға, өз қызметі мен мінез-құлқы үшін қатаң жауапкершілік алуға міндетті.

4.3. Кодекс ережелерін бұзу оқытушы және колледж қызметкерінің мәртебесіне сәйкес келмейтін әрекет ретінде қарастырылады.

4.4. Корпоративтік мәдениет кодексінің сақталуын бақылау колледждің құрылымдық бөлімшелерінің басшыларына жүктеледі.

4.5. Колледждің корпоративтік мәдениет кодексінің нормаларын бұзғаны үшін қызметкерлерге, оқытушыларға және студенттерге келесі шаралар қолданылуы мүмкін:

- көпшілік алдында кешірім сұрау туралы ұсыныс,
- мінез-құлықты колледждің тәртіптік кеңесінде талқылау,
- тәртіптік шара қолдану.

Корпоративтік мәдениет кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар Нархоз университетінің Экономикалық колледжінің педагогикалық кеңесінде қаралады.